

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

**БЕКІТЕМІН**

**Басқарма төрағасы –**

**ректор, профессор**

**М.Төлеген**

**(басқарма отырысының**

**2024 жылғы**

**№ 1 хаттамасы)**



*10 қыркүйек*

**ЕРЕЖЕ**

**МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК  
ІС-ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ**

**ШҚУ Е 043-24**

**Екінші басылым**

**Көшірме № \_\_\_\_\_**  
**Енгізу күні \_\_\_\_\_**

**Өскемен қаласы**

**2024 ж.**

**2024 жылғы 10 қыркүйек №35**

|                                                                                   |                                                                      |              |                                   |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------------------------|
|  | «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан<br>университеті» КЕ АҚ    |              | Келесі тексеру<br>мерзімі 2027 ж. |
|                                                                                   | Магистранттар мен докторанттардың<br>өндірістік іс-тәжірибесі туралы | ШҚУ Е 043-24 | 16 беттің 2 беті                  |

## Мазмұны

|   |                                                     |    |
|---|-----------------------------------------------------|----|
| 1 | Жалпы ережелер                                      | 3  |
| 2 | Нормативтік сілтемелер                              | 3  |
| 3 | Белгілеулер мен қысқартулар                         | 4  |
| 4 | Өндірістік іс-тәжірибенің мақсаттары мен міндеттері | 4  |
| 5 | Өндірістік іс-тәжірибені ұйымдастыру                | 5  |
| 6 | Магистранттың/докторанттың міндеттері               | 7  |
| 7 | Жауапкершілік                                       | 7  |
| 8 | Өзгерістер                                          | 8  |
| 9 | Келісу, сақтау және тарату                          | 8  |
|   | Қосымша 1                                           | 11 |
|   | Қосымша 2                                           | 12 |
|   | Қосымша 3                                           | 13 |
|   | Қосымша 4                                           | 14 |

|                                                                                   |                                                                          |                     |                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------|
|  | <b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>    |                     | <b>Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.</b> |
|                                                                                   | <b>Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы</b> | <b>ШҚУ Е 043-24</b> | <b>16 беттің 3 беті</b>               |

## **1 Жалпы ережелер**

1.1 «Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы» Ереже (бұдан әрі - ереже) магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибеден өту тәртібін айқындайды.

1.2 Жоғары оқу орындарындағы магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі жоғары білікті мамандарды даярлаудың маңызды бөлігі болып табылады және іс-тәжірибе базалары болып табылатын тиісті ұйымдарда, мекемелерде, институттар мен кәсіпорындарда өткізіледі, университеттің магистратурасы мен докторантурасында теориялық оқу процесінде алынған білімді бекітуге бағытталған. Іс-тәжірибенің негізгі міндеті - болашақ мамандық бейіні бойынша кәсіби білім, біліктілік және дағдыларды алу және бекіту болып табылады.

1.3 Өндірістік іс-тәжірибенің мерзімі мен мазмұны «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына сәйкес айқындалады және магистранттың/докторанттың жеке жоспарында көрсетілуі тиіс.

1.3 Іс-тәжірибенің бағдарламалары мен мазмұнын мамандықтың бейінін, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның-іс-тәжірибе объектісінің сипатын ескере отырып, шығарушы кафедралар әзірлейді.

1.4 Өндірістік іс-тәжірибенің мазмұны магистрлік диссертацияның (жобаның) және докторлық диссертацияның тақырыбымен анықталады.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

2.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне

|                                                                                   |                                                                          |                     |                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------|
|  | <b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>    |                     | <b>Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.</b> |
|                                                                                   | <b>Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы</b> | <b>ШҚУ Е 043-24</b> | <b>16 беттің 4 беті</b>               |

ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.6 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы».

2.7 «Кәсіптік іс-тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және іс-тәжірибе базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы.

2.8 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Академиялық саясаты (С.Аманжолов атындағы ШҚУ Ғылыми кеңесінің 29.04.2024 жылғы № 11 хаттамасымен бекітілген).

### **3 Белгілеулер мен қысқартулар**

Е - ереже;

Университет - «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

СҚЕЖХЫД - сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаменті;

СХЫЖАБ - стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚҚЕЖББ - құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ҚББ - құрылымдық бөлімшенің жетекшісі.

ШҚУ ҚР - Шығыс Қазақстан университеттің құжатталған рәсімі.

### **4 Өндірістік іс-тәжірибенің мақсаттары мен міндеттері**

4.1 Магистранттың өндірістік іс-тәжірибесі оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту, оқытылатын мамандық бойынша іс-тәжірибелік дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

4.2 Докторанттың өндірістік іс-тәжірибесі оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту және кәсіби деңгейін арттыру мақсатында жүргізіледі.

4.3 Өндірістік іс-тәжірибенің негізгі міндеттері:

1) мамандық бойынша кәсіптік қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерделеу;

2) теориялық білімді бекіту және осы негізде кәсіби дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру;

|                                                                                   |                                                                              |                     |                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|---------------------|-------------------------------------------|
|  | <b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан<br/>университеті» КЕ АҚ</b>    |                     | <b>Келесі тексеру<br/>мерзімі 2027 ж.</b> |
|                                                                                   | <b>Магистранттар мен докторанттардың<br/>өндірістік іс-тәжірибесі туралы</b> | <b>ШҚУ Е 043-24</b> | <b>16 беттің 5 беті</b>                   |

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;

4) ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибе алу;

5) командалық жұмыс дағдыларын, корпоративтік басқару қағидаттарының құзыреттерін меңгеру;

6) өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстар орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын меңгеру.

## **5 Өндірістік іс-тәжірибені ұйымдастыру**

5.1 Білім беру бағдарламасының талаптарына және профиліне сәйкес, іс-тәжірибе ұйымдастыру үшін өпедагогикалық іс-тәжірибе бағдарламасы әзірленеді (бұдан әрі - іс-тәжірибе бағдарламасы).

5.1.1 Іс-тәжірибе бағдарламасы - педагогикалық іс-тәжірибе қызметінің білім алушылардың шынайы жағдайда оқыту мазмұнын анықтайтын нормативтік-әдістемелік құжат. Бағдарламада іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеттері айқындалады, қалыптасқан кәсіби білімдердің тізімі, құзыреті мен дағдылары, оқу нәтижелері анықталады, тапсырмалардың түрлері мен мазмұны тағайындалады, іс-тәжірибені дайындауға және өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар ұсынылады.

Іс-тәжірибе бағдарламасының мақсаты - тікелей іс-тәжірибеден өту орындарында білім алушылардың кәсіби-практикалық даярлық процесін басқару.

Іс-тәжірибе бағдарламасы білім алушыларда кәсіби маңызды дағдыларды, педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

5.1.2 Іс-тәжірибе бағдарламасы БББ сәйкес университет кафедраларының профессор – оқытушылар құрамы (бұдан әрі-ПОҚ) барлық БББ бойынша ғылым мен білімнің қазіргі заманғы жетістіктерін, педагогикалық білім берудің қазіргі заманғы трендтерін, стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен ұсынымдарын, мекеменің (ұйымның) іс-тәжірибе базасы ретіндегі мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді.

5.1.3 Іс-тәжірибе бағдарламасы кафедралардың отырыстарында қаралады, Жоғары мектептердің кеңестерінде қаралады және университеттің академиялық кеңесінің отырысында бекітіледі.

5.1.4 Іс-тәжірибе бағдарламалары олардың өзектілігі тұрғысынан жыл сайын қайта қаралуға және жоғарыда көрсетілген рәсімге сәйкес бекітілуге жатады. Іс-тәжірибе бағдарламасы егер оны жаңарту үшін негіз болмаса, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімде, қайта мақұлдамай қолданыста болады.

## **5.2 Іс-тәжірибені ұйымдастыру және басқару**

|                                                                                   |                                                                          |                     |                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------|
|  | <b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>    |                     | <b>Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.</b> |
|                                                                                   | <b>Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы</b> | <b>ШҚУ Е 043-24</b> | <b>16 беттің 5 беті</b>               |

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;

4) ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибе алу;

5) командалық жұмыс дағдыларын, корпоративтік басқару қағидаттарының құзыреттерін меңгеру;

6) өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстар орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын меңгеру.

## **5 Өндірістік іс-тәжірибені ұйымдастыру**

5.1 Білім беру бағдарламасының талаптарына және профиліне сәйкес, іс-тәжірибе ұйымдастыру үшін өпедагогикалық іс-тәжірибе бағдарламасы әзірленеді (бұдан әрі - іс-тәжірибе бағдарламасы).

5.1.1 Іс-тәжірибе бағдарламасы - педагогикалық іс-тәжірибе қызметінің білім алушылардың шынайы жағдайда оқыту мазмұнын анықтайтын нормативтік-әдістемелік құжат. Бағдарламада іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеттері айқындалады, қалыптасқан кәсіби білімдердің тізімі, құзыреті мен дағдылары, оқу нәтижелері анықталады, тапсырмалардың түрлері мен мазмұны тағайындалады, іс-тәжірибені дайындауға және өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар ұсынылады.

Іс-тәжірибе бағдарламасының мақсаты - тікелей іс-тәжірибеден өту орындарында білім алушылардың кәсіби-практикалық даярлық процесін басқару.

Іс-тәжірибе бағдарламасы білім алушыларда кәсіби маңызды дағдыларды, педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

5.1.2 Іс-тәжірибе бағдарламасы БББ сәйкес университет кафедраларының профессор – оқытушылар құрамы (бұдан әрі-ПОҚ) барлық БББ бойынша ғылым мен білімнің қазіргі заманғы жетістіктерін, педагогикалық білім берудің қазіргі заманғы трендтерін, стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен ұсынымдарын, мекеменің (ұйымның) іс-тәжірибе базасы ретіндегі мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді.

5.1.3 Іс-тәжірибе бағдарламасы кафедралардың отырысында қаралады, академиялық комитеттің отырысында іс-тәжірибе базаларының өкілдерімен қаралады және келісіледі, жоғары мектептер кеңесімен бекітіледі.

5.1.4 Іс-тәжірибе бағдарламалары олардың өзектілігі тұрғысынан жыл сайын қайта қаралуға және жоғарыда көрсетілген рәсімге сәйкес бекітілуге жатады. Іс-тәжірибе бағдарламасы егер оны жаңарту үшін негіз болмаса, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімде, қайта мақұлдамай қолданыста болады.

## **5.2 Іс-тәжірибені ұйымдастыру және басқару**

|                                                                                   |                                                                   |              |                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------|
|  | «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ    |              | Келесі тексеру мерзімі 2027 ж. |
|                                                                                   | Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы | ШҚУ Е 043-24 | 16 беттің 6 беті               |

5.2.1 Магистранттардың/докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесін өткізу үшін шығарушы кафедра және іс-тәжірибе жетекшісі шарттық негізде іс-тәжірибе базаларын айқындайды, университет атынан басқарма төрағасы - ректор кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен шарт жасасады, сондай-ақ олармен іс-тәжірибеден өтудің бағдарламалары мен күнтізбелік кестелері келісіледі.

5.2.2 Келісім-шартта білім алушылар үшін іс-тәжірибе базасы болып табылатын университет пен ұйымдардың міндеттері айқындалады.

5.2.3 Оқу-әдістемелік басшылықты ұйымдастыруға және іс-тәжірибені өткізуге шығарушы кафедралардың меңгерушілері мен іс-тәжірибе базасының басшылары жауапты болады.

5.2.4 Іс-тәжірибе жетекшісі ретінде ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесі бар тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

5.2.5 Өндірістік тәжірибенің қорытындылары кафедра отырысында талқыланады.

5.3 Іс-тәжірибе жетекшілерінің құқықтары

5.3.1 Шығарушы кафедраның іс-тәжірибе жетекшісі:

5.3.1.1 Іс-тәжірибе басталғанға дейін бір ай бұрын мамандықтың ерекшелігін ескере отырып, магистранттар мен докторанттарды іс-тәжірибе базасына бөлу туралы қызметтік жазба дайындайды.

5.3.1.2 Орнықтыру және қорытынды конференциялар өткізеді, іс-тәжірибе үшін баға қоюға қатысады.

5.3.1.3 Білім алушылардың қалыпты еңбек және тұрмыс жағдайларын ұйымдастырады, білім алушылармен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама өткізеді, олардың ішкі еңбек тәртібі қағидаларын орындауын бақылайды.

5.3.2 Іс-тәжірибе базалары болып табылатын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардан іс-тәжірибе жетекшілері:

5.3.2.1 Жасалған келісім-шартқа, Ережеге және іс-тәжірибе бағдарламасына сәйкес білім алушылардың іс-тәжірибесін ұйымдастырады және жүргізеді.

5.3.2.2 Білім алушыларға іс-тәжірибе бағдарламасын орындау үшін мүмкіндік береді, іс-тәжірибеден өту кезеңінде магистранттардың/докторанттардың мамандық бойынша іс-тәжірибелік машықтар мен дағдыларды алуы үшін қажетті жағдайлар жасайды.

5.3.2.3 Университетпен келісілген іс-тәжірибеден өтудің күнтізбелік кестелерін сақтайды, білім алушыларға қолда бар әдебиетті, техникалық және басқа да құжаттаманы пайдалануға мүмкіндік береді.

5.3.2.4 Магистрлік диссертация (жоба)/докторлық диссертациялар үшін материалдарды іріктеуге көмектеседі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық жүргізеді.

|                                                                                   |                                                                          |                     |                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------|
|  | <b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>    |                     | <b>Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.</b> |
|                                                                                   | <b>Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы</b> | <b>ШҚУ Е 043-24</b> | <b>16 беттің 7 беті</b>               |

5.3.2.5 Білім алушылардың ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда қағидаларды бұзатын білім алушыларға жаза қолданады және бұл туралы университетке хабарлайды.

## **6 Магистранттың/докторанттың міндеттері**

6.1 Магистрант/докторант іс-тәжірибеден өту кезінде іс-тәжірибе бағдарламасында көзделген тапсырмаларды орындайды, іс-тәжірибе күнделігін жүргізеді.

6.2 Кәсіпорында, мекемеде, ұйымда, университетте ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін сақтайды.

6.3 Іс-тәжірибе жетекшісіне барлық тапсырмаларды орындау туралы кәсіпорын басшысы қол қойған жазбаша есеп пен іс-тәжірибе күнделігін, сондай-ақ іс-тәжірибе бағдарламасында көзделген есептік құжаттаманы ұсынады. Іс-тәжірибе туралы есепте магистранттардың іс-тәжірибе кезеңінде нақты орындаған жұмысы туралы мәліметтер болуы тиіс (1-4 қосымша).

## **7 Жауапкершілік**

7.1 Шығарушы кафедрадағы іс-тәжірибе жетекшісінің жауапкершілігі:

7.1.1 Магистранттардың/докторанттардың іс-тәжірибе бойынша есептерін қарайды, олардың жұмысы туралы пікірлер береді және кафедра меңгерушісіне магистранттардың/докторанттардың іс-тәжірибелік дайындығын жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстармен бірге іс-тәжірибені өткізу туралы жазбаша есеп береді.

7.1.2 Қала шегінен тыс іс-тәжірибеден өтіп жатқан білім алушыларға іс-тәжірибені орындау бағдарламасына бақылауды жүзеге асырады.

7.2 Іс-тәжірибе базалары болып табылатын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардағы іс-тәжірибе жетекшілерінің жауапкершілігі:

7.2.1 Өндірістік іс-тәжірибеден өтетін білім алушылармен болған жазатайым оқиғалар үшін толық жауапты болады, күнделіктердің жүргізілуін, білім алушылардың есептерін дайындауды бақылайды және олармен іс-тәжірибе бағдарламасының, жеке тапсырмалардың орындалуы туралы деректерді қамтитын кәсіптік сипаттамаларды жасайды.

7.2.3 Іс-тәжірибеден өту кезінде магистранттың/докторанттың жауапкершілігі:

7.2.3.1 Іс-тәжірибе бағдарламасын орындамаған, кәсіпорыннан (ұйымнан) теріс пікір алған немесе есепті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған магистрант/докторант жазғы семестр кезеңінде іс-тәжірибеден қайта өтеді.

|                                                                                   |                                                                          |                     |                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|---------------------|---------------------------------------|
|  | <b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>    |                     | <b>Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.</b> |
|                                                                                   | <b>Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы</b> | <b>ШҚУ Е 043-24</b> | <b>16 беттің 8 беті</b>               |

## 8 Өзгерістер

8.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылық өкілінің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып, құжатпен ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы тармақ орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі, түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ 001-20 ҚР талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Е-ге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші бөлімше ғана жүргізеді. Е-дегі өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып, ҚББ енгізеді;

8.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХҚЖАБ және ҚББ жауапты болады;

8.3 Е-ні үш жылдан кем емес бір рет ҚББ қайта қарау кезінде тексерулердің кезеңділігі туралы тізімге міндетті түрде жазба енгізілген;

8.4 Е-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылуы мүмкін:

- нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген заң күші бар өзгерістер мен толықтырулар;
- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылық өкілінің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚББ қызметтік жазбасы;

8.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде Е ауыстырылуы тиіс;

8.6 Ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған Е даналарының барлығы алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс;

8.7 Күші жойылған Е ауыстыру және алып қою үшін жауапкершілік ҚББ және СХҚЖАБ жауапты;

8.8 Жарамсыз Е-ні «Күші жойылды» деген жазу бар, оның күшін жою үшін негіздер, күні, «Күші жойылды» деген жазба жасаған адамның қолы көрсетілген және мұрағатқа қойылған. Мұрағат құжаттары жұмыс үшін пайдаланылмайды.

## 9 Келіссөздер, сақтау және тарату

9.1 ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Е-ні үйлестіруді ҚББ жүзеге асырады;

9.2 Е-ні ҚББ әзірлейді;

Е-мен келісіледі:

|                                                                                   |                                                                   |              |                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------|
|  | «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ    |              | Келесі тексеру мерзімі 2027 ж. |
|                                                                                   | Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы | ШҚУ Е 043-24 | 16 беттің 9 беті               |

- СІҚЕЖжБӨ-мен;
- басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорымен;
- сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департамент директорымен;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісімен;
- персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісімен;
- жоспарлау-экономикалық бөлімінің жетекшісімен;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жетекшісі-комплаенс-офицермен;
- заңгер-кеңесшімен.

9.3 Ереже басқарма отырысында бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

9.4 Ереже түпнұсқасы ҚҚЕжББ-нде сақталады, оның сақталуына ҚҚЕжББ-нің жетекшісі жауапты болады.

9.5 Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің ҚБЖ мазмұнымен жеке танысқаны үшін ҚБЕ түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғызып, осы Ереженің мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде ҚБЖ жауапты болады.

9.6 Есепке алынған Ережені жұмыс даналарын таратуды ҚҚЕжББ жүзеге асырады.

9.7 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін жауапкершілік ҚБЖ жүктеледі.

#### ӘЗІРЛЕГЕН:

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім беру бөлімінің жетекшісі



Т.А. Абылайханова

#### КЕЛІСІЛГЕН:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі  
жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Басқарма мүшесі - академиялық  
мәселелер жөніндегі проректор



Н.Б. Алимбекова

Академиялық саясат және білім беру  
бағдарламаларының басқару  
департаментінің директоры



Е.Б. Домалатов

|                                                                                   |                                                                      |              |                                   |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------|--------------|-----------------------------------|
|  | «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан<br>университеті» КЕ АҚ    |              | Келесі тексеру<br>мерзімі 2027 ж. |
|                                                                                   | Магистранттар мен докторанттардың<br>өндірістік іс-тәжірибесі туралы | ШҚУ Е 043-24 | 16 беттің 10 беті                 |

Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық  
ынтымақтастық департаментінің директоры

 Д.Р. Сапарова

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық  
және аккредиттеу бөлімінің жетекшісінің м.а.

 Д.К. Нигманова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және  
бақылау бөлімінің жетекшісі

 А.К. Чудобаева

Персонал және құқықтық қолдау  
басқармасы жетекшісінің уақытша м.а.

 К.Р. Раисова

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс  
жетекшісі – комплаенс - офицер

 Қ.Е. Жексембаев

Оқытушылар және қызметкерлер  
кәсіподақ комитетінің төрайымы

 А.С. Таранова

Заңгер-кеңесші

 Д.М. Раева

|                                                                                   |                                                                   |              |                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------|
|  | «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ    |              | Келесі тексеру мерзімі 2027 ж. |
|                                                                                   | Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы | ШҚУ Е 043-24 | 16 беттің 11 беті              |

## 1 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

\_\_\_\_\_ Жоғары мектебі

«\_\_\_\_\_» кафедрасы

### Есеп

өндірістік іс тәжірибе бойынша

\_\_\_\_\_ (ұйымның, кәсіпорынның атауы)

20\_\_ жылдың «\_\_» \_\_\_\_\_ - «\_\_» \_\_\_\_\_ аралығында

Магистрант/докторант ОП

ТАӘ

Ұйымнан іс тәжірибе жетекшісі

ТАӘ

Бағалау

Іс тәжірибе жетекшісі  
шығарушы кафедрадан

ТАӘ

Өскемен қ, 20\_\_ ж.

|                                                                                   |                                                                   |              |                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------|
|  | «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ    |              | Келесі тексеру мерзімі 2027 ж. |
|                                                                                   | Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы | ШҚУ Е 043-24 | 16 беттің 12 беті              |

## 2 қосымша

«Бекітемін»

Декан

\_\_\_\_\_ ТАӘ  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

«Келісілді»

Кәсіпорын басшысы

\_\_\_\_\_ ТАӘ  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Өндірістік іс тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесі**  
білім беру бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ оқу жылының магистранты/докторанты

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

| №<br>п/п | Өндірістік іс тәжірибесі<br>бағдарламасына сәйкес орындауға<br>(зерделеуге) жататын<br>жұмыстардың тізбесі | Өндірістік іс тәжірибесі<br>бағдарламасын орындау<br>мерзімдері |          | Ескертпе |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|----------|----------|
|          |                                                                                                            | басталуы                                                        | аяқталуы |          |
| 1        |                                                                                                            |                                                                 |          |          |
| 2        |                                                                                                            |                                                                 |          |          |
| 3        |                                                                                                            |                                                                 |          |          |
| 4        |                                                                                                            |                                                                 |          |          |
| 5        |                                                                                                            |                                                                 |          |          |
| 6        |                                                                                                            |                                                                 |          |          |
| 7        |                                                                                                            |                                                                 |          |          |

Өндірістік іс тәжірибесінің жетекшісі

\_\_\_\_\_ ТАӘ  
(қолы)  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

|                                                                                   |                                                                   |              |                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------|
|  | «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ    |              | Келесі тексеру мерзімі 2027 ж. |
|                                                                                   | Магистранттар мен докторанттардың өндірістік іс-тәжірибесі туралы | ШҚУ Е 043-24 | 16 беттің 13 беті              |

3 қосымша

### Өндірістік іс тәжірибеден өту туралы күнделік

білім беру бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ оқу жылының магистранты/докторанты

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ

| №<br>п/п | Әрбір күн үшін өндірістік іс тәжірибесінің бағдарламасына сәйкес орындалған (зерделенген) жұмыстардың атауы | Өндірістік іс тәжірибесінің жекелеген тақырыптарын, жұмыстарын орындау мерзімдері |          | Өндірістегі зерттеу іс тәжірибесі жетекшісінің қолы |
|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|----------|-----------------------------------------------------|
|          |                                                                                                             | Басталуы                                                                          | аяқталуы |                                                     |
| 1        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 2        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 3        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 4        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 5        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 6        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 7        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 8        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |
| 9        |                                                                                                             |                                                                                   |          |                                                     |

1. Орындалған жұмыстың сипаттамасы

магистранттың/докторанттың қолы \_\_\_\_\_

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Өндірістік іс тәжірибесі жетекшісінің \_\_\_\_\_ ТАӨ

Өндірістік іс тәжірибесі жетекшісінің қолы

(ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің) \_\_\_\_\_ ТАӨ

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.

|                                                                                 |                                                                                                    |                                           |                                                                 |
|---------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
|  | <p align="center"><b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан<br/>университеті» КЕ АҚ</b></p>    |                                           | <p align="center"><b>Келесі тексеру<br/>мерзімі 2027 ж.</b></p> |
|                                                                                 | <p align="center"><b>Магистранттар мен докторанттардың<br/>өндірістік іс-тәжірибесі туралы</b></p> | <p align="center"><b>ШҚУ Е 043-24</b></p> | <p align="center"><b>16 беттің 14 беті</b></p>                  |

#### 4 қосымша

## Өндірістік іс тәжірибе жетекшісінің пікірі

Магистрант/Докторант \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә толықтай)

ББ, шифр \_\_\_\_\_

Оқу жылы \_\_\_\_\_

## Іс тәжірибеден өту орны


Іс тәжірибеден өту кезеңі (бұйрыққа сәйкес): «    » 20    ж.


Пікір мазмуну \*:

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

Тәжірибе жетекшісі \_\_\_\_\_  
қолы аты-жөні кафедра

\* Пікірде іс-тәжірибе бағдарламасында көзделген орындалған жұмыстардың сапасы белгіленеді, іс-тәжірибе нәтижелеріне сипаттама мен баға беріледі, іс-тәжірибеден алған құзыреттердің дәрежесі, оның теориялық даярлығын бағалау, іс-тәжірибенттың еңбек тәртібі, артықшылықтары мен кемшіліктері (егер олар орын алған болса), зерттеу дағдыларын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар беріледі. Басшының пікірінде іс-тәжірибентты өндірістік іс-тәжірибе қорытындылары бойынша аттестаттауға қатысты ұсынымдар бар.

[illegible]

[illegible]